

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2025 жылғы 13 – 17 қазан



2025 жылғы 13 – 17 қазан

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Нарықтағы жағдай қандай: ФРЖ саясаты жұмсарып, есеп беру маусымы басталғанда аздап өсті

02



Ақша-кредит саясаты және кірістілік: жұмсартуға бағыт алды, бірақ қауіп сейілмей тұр

03



Жаһандық нарықтар: Еуропа, Жапония, Қытай және ЕМ

Нарықтағы жағдай қандай: ФРЖ саясаты жұмсарып, есеп беру маусымы басталғанда аздап өсті



Апта күрт жаппай сатылымнан және АҚШ-Қытай тарифтік риторикасының ішінара құлдырауынан кейін АҚШ акцияларының көтерілуімен басталды. Федералдық резервтің «көгершіндердің» пікірлері мен ЖИ саласындағы мәмілелер де қолдау болды.

Есеп берудің басталуына қарай банктер бағытты айқындады: S&P 500 компанияларының үлесі пайда бойынша консенсустан асып, 86%-ға жетті – бұл көңіл күйді көтерді. Бірақ бейсенбіге қарай оптимизм біртіндеп саябырсыды: бірқатар өңірлік банктердің алаяқтық кредиттерімен байланысты проблемалардың беті ашылды, бұл VIX-ті сәуір айынан бергі ең жоғары деңгейге көтеріп, кредит сапасының төңірегінде күйгелектікті көрсетті.

Борыштық нарықта қорғануға сұраныс күшейе түсті: орташа және ұзын UST кірістілігі төмендеді, 10 жылдық облигациялар 12 айдағы минимумға төмендеді, классикалық «risk-off».

Секторлар бойынша коммуналдық қызметтер, күнделікті сұраныстағы тұтыну тауарлары мен байланыс жақсырақ жұмыс істеді, ал коммерциялық қызметтер, электроника және денсаулық сақтау саласы төмендеді. Мұнай ұсыныстың көптігін күту мен геосаясаттың қысымына ұшырады; құбылмалылық жағдайында алтын жаңа жоғары деңгейге жетті.

Негізгі индекстер


Атауы	1-апта	1-ай	YTD
KASE	-1,42%	-1,62%	25,12%
S&P 500	0,14%	-0,01%	13,30%
Nasdaq	-0,06%	0,21%	17,45%
Басқа индекстер			
Nasdaq 100	0,27%	0,78%	18,11%
Dow Jones	0,27%	-0,27%	8,57%
Борыштық нарық			
U.S. 10Y	-0,99%	-3,00%	-12,18%
U.S. 30Y	-0,60%	-3,07%	-3,65%
Валюталық индекс			
US Dollar Index	-0,79%	0,86%	-9,22%
Тауарлар			
Gold	3,10%	14,99%	61,35%
Brent Oil	-3,40%	-8,26%	-18,05%
Криптовалюта			
BTC/USD	-3,73%	-3,78%	18,46%

Ақша-кредит саясаты және кірістілік: жұмсартуға бағыт алды, бірақ қауіп сөйілмей тұр

Пауэлл жұмыспен қамтуға байланысты тәуекелдің ауысқанын растады, осылайша тіпті инфляция мақсаттан жоғары болса да, биыл мөлшерлемелердің одан әрі төмендеуін күтуді күшейтті. *Beige Book* «бірқалыпты» жағдайды сипаттады: жұмыспен қамту тұрақты, жалақы өсуде, тұтыну деңгейі аздап әлсіреді, баға өсіп жатыр.

Осының аясында қазынашылық облигациялардың **кірістілігі** төмендеді, жоғары сапалы қағаздардың бағасы өсті, ал **өңірлік банктік сектордағы эмитенттердің құралдары теріс динамика көрсетті**: спрэд кеңейді, белгіленген баға мерзімдері бойынша салыстырмалы АҚШ-тың қазынашылық облигацияларына қатысты түсіп кетті.

АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік облигацияларының кірістілігі федералдық қорлардың болашақ мөлшерлемесін бағалағаннан кейін қалыптасады.



Дереккөз: Bloomberg

STOXX 600 индексі бір аптада ФРЖ-ның жұмсақ саясатын және тарифтік риториканың әлсіреуін күтуде біршама қосты. Бұл ретте елдер бойынша динамика әртүрлі: *Францияда* сенімді түрде өсті, ал **Германияда** автоөнеркәсіптің әлсіздігінен және бір айда еуроаймақтың өнеркәсіптік шығарылымының 1,2%-ға төмендеуінен түсіп кетті.

Ұлыбритания нөлдік өсімді теңдестіруді жалғастыруда: ЖІӨ 0,1% а/а ғана қосты, жұмыссыздық 4,8%-ға дейін көтерілді, ал жалақының өсу қарқыны баяулауда – бұл Англияның Банкіне қысымды азайтады.

Францияда үкіметке сенімсіздік білдірілді; оқиғаның соңы шуға ұласты, бірақ бұл жалпы тәуекелдің бағасын өзгерткен жоқ.

Жапония аптаны минуспен жапты: бір долларға шаққанда иенаның ~JPY 149 болып нығаюы экспорттық перспективаны нашарлатты, ал жақын арада Жапония Банкінің мөлшерлемені көтеруіне байланысты 10 жылдық JGB кірістілігі 1,62%-ға төмендеді.

Қытайда акциялар дефляциялық қысым белгілері аясында төмендеді: PPI -2,3% ж/ж, CPI -0,3%, бұл ретте базалық инфляция 1,0% болып сақталады. Инвесторлар партияның алдағы пленумының шешімдерін күтуде, ішкі тұтыну мен құрылымдық реформаларды қолдау үшін ықтимал шаралар басты назарда.

Перуде 4,25% мөлшерлеме сақталды: инфляция мақсатқа жақын қалды, ал экономикалық белсенділік, реттеушінің бағалауынша, «ықтимал деңгейге жақын».

Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.